Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Диссертациялық Кеңестің 2019 жылғы жұмысы туралы
ЕСЕБІ

2019 жылы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін 6D020500 – Филология, 6D050400 – Журналистика, 6D021400 – Әдебиеттану, 6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті, 6D021000 – Шетел филологиясы мамандықтары бойынша докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңесі.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының 2019 жылғы 18 ақпан №49 бұйрығымен бекітілген. Диссертациялық Кеңестің төрағасы филология ғылымдарының докторы, профессор Дадебаев Ж.Д.

1. Өткізілген отырыстың саны - 7.

Диссертациялық кеңестің алғашқы мәжілісі 2019 жылдың 15 мамыр күні өтті. Кеңесте екі мәселе қарастырылды: 1. Ұйымдастыру мәселелері. 2. Докоранттардың диссертацияларын қорғауға қабылдау:

1. Жумабекова Гаухар Айтбеккызы. Мамандығы «6D050400 – Журналистика». Диссертация тақырыбы «Қазақ ақын-жазушыларының тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзі». Отандық ғылыми жетекшісі: тарих ғылымдарының докторы, профессор Қозыбаев Сағымбай Қабашұлы, шетелдік ғылыми кеңесшісі PhD доктор, профессор Айдемир Окай.

2. Буенбаева Зарина Қайратқызы. Мамандығы «6D050400 – Журналистика». Диссертация тақырыбы «Шығыс және Батыс медиа үдерісі: дәстүр, контент және конвергенция (салыстырмалы талдау)». Отандық ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының докторы, профессор Қамзин Кәкен Қамзаұлы, шетелдік ғылыми кеңесшісі PhD доктор, Вайоминг университетінің профессоры Майкл Браун (Вайоминг, АҚШ).

3. Тасилова Айгерим Айтбаевна. Мамандығы «6D050400 – Журналистика». Диссертация тақырыбы «Әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатия». Отандық ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының докторы, профессор Шынгысова Назгуль Турсынбаевна, шетелдік ғылыми кеңесшісі PhD доктор, Огайо университетінің профессоры Юсуф Кальянго (АҚШ, Огайо штаты).

4. Таубаев Жарас Турысбекович. Мамандығы «6D021000 – Шетел филологиясы». Диссертация тақырыбы «Eponyms in political discourse: pragmalinguistic aspect». Отандық ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының докторы, профессор Мусабекова Улжан Есеновна, шетелдік ғылыми кеңесшісі PhD доктор Уильям Патрик Риверс (АҚШ, Вашингтон).

5. Демченко Алена Сергеевна. Мамандығы «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті». Диссертация тақырыбы «Қазақстанның орыс тілді жазушыларының прозасындағы «Үй» архетипі: зерттеудің теориялық және әдістемелік аспектілері». Отандық ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасының доценті Сарсекеева Наталья Канталиевна,

шетелдік ғылыми кеңесшісі филология ғылымдарының докторы, Лоранд Этвеш университетінің профессоры Каталин Кроо, Будапешт қ., Венгрия.

6. Таттимбетова Куралай Омирлановна. Мамандығы «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті». Диссертация тақырыбы «Жоғарғы оқу орнындағы Иван Щеголихин прозасының поэтикасын талдаудың теориялық және әдістемелік аясы». Отандық ғылыми жетекшісі М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аналитика және сыртқы әдеби байланыстар бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасының доценті Ананьева Светлана Викторовна, шетелдік ғылыми кеңесшісі д.ф.н., Александра Иона Куза атындағы Яссы мемлекеттік университетінің профессоры Которча Ливия, Яссы қ., Румыния.

Диссертациялық кеңестің кезекті екінші мәжілісі 21.06.2019 жылы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін 6D021400 – Әдебиеттану, 6D050400 – Журналистика, 6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті, 6D020500 – Филология, 6D021000 – Шетел филологиясы мамандықтары бойынша өтті. Күн тәртібіне сәйкес қаралған мәселелер:

1. Жумабекова Гаухар Айтбеккызының «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ ақын-жазушыларының тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзі» атты диссертациясын қорғау.

2. Буенбаева Зарина Қайратқызының «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Шығыс және Батыс медиа үдерісі: дәстүр, контент және конвергенция (салыстырмалы талдау)» атты диссертациясын қорғау.

3. Тасилова Айгерим Айтбаевнаның «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатия» атты диссертациясын қорғау.

Докторлық диссертацияларды көпшілік алдында қорғаудың нәтижесінде диссертациялық кеңес «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша Жумабекова Гаухар Айтбеккызына, «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша Буенбаева Зарина Қайратқызына, «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша Тасилова Айгерим Айтбаевнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешім қабылдады.

Диссертациялық кеңестің үшінші мәжілісі 26.06.2019 жылы өтті, күн тәртібіне сәйкес келесі мәселелер қарастырылды:

1.Таубаев Жарас Турысбековичтің «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Eponyms in political discourse: pragmalinguistic aspect» атты диссертациясын қорғау.

2. Демченко Алена Сергеевнаның «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «Қазақстанның орыс тілді жазушыларының прозасындағы «Үй» архетипі: зерттеудің теориялық және әдістемелік аспектілері» атты диссертациясын қорғау.

3. Таттимбетова Куралай Омирлановнаның «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «Жоғарғы оқу орнындағы Иван Щеголихин прозасының поэтикасын талдаудың теориялық және әдістемелік аясы» атты диссертациясын қорғау.

Докторлық диссертацияларды көпшілік алдында қорғаудың нәтижесінде диссертациялық кеңес «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша Таубаев Жарас Турысбековичке, «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша Демченко Алена Сергеевнаға, «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша Таттимбетова Куралай Омирлановнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы оң шешім қабылдады.

4. Мукушева Куралай Сериковнаның «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша «XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзі: ұлттық дүниетаным және «Дала» концепті» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы талқыланды. Отандық ғылыми жетекшісі Шарван Искаковна Нургожина – филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан, шетелдік ғылыми кеңесшісі – Давид Шомфай Кара – PhD доктор, профессор, Л.Этвеш атындағы университет, Будапешт қ., Венгрия. Қорғауға қабылдау мәселесі талқыланып, қорғауға алу туралы оң шешім қабылданды.

Диссертациялық кеңестің төртінші мәжілісі 03.07.2019 ж. өтті. Күн тәртібіне сәйкес қаралған мәселелер:

1. Мукушева Куралай Сериковнаның «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша «XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзі: ұлттық дүниетаным және «Дала» концепті» атты диссертациясын қорғау.

Диссертациялық Кеңес шешімімен Мукушева Куралай Сериковнаның «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша «XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзі: ұлттық дүниетаным және «Дала» концепті» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық екендігі туралы қаулы қабылданды.

2. Келесі докоранттардың диссертацияларын қорғауға қабылдау:

1. Акынбекова Алтын Бакашовна. Мамандығы «6D050400 – Журналистика». Диссертация тақырыбы «XX ғасыр басындағы қазақ журналдары: тарихы, фунциясы, типологиясы». Отандық ғылыми кеңесші: филология ғылымдарының докторы, доцент Рамазан Айгүл Әмірғалиқызы, шетелдік ғылыми кеңесшісі Гүлнар Кендірбай, тарих ғылымдарының докторы, Колумбия университетінің профессоры, Нью-Йорк, АҚШ қорғауға қабылдау мәселесі қаралып, талқыланып, қорғауға алу туралы оң шешім қабылданды.

2. Мұхтар Ләззат Қанатқызының «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша «XX ғасыр соңындағы прозада балалық шақ концептісінің репрезентациялануы (С.Таунсенд, Дж.Ирвинг және Р. Сейсенбаев романдарының материалдары негізінде)» диссертациясын қорғауға қабылдау мәселесі талқыланып, қорғауға алу туралы оң шешім қабылданды. Отандық ғылыми жетекші: Темірболат Алуа Берікбайқызы –

филология ғылымдарының докторы, Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының профессоры. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан; Шетелдік ғылыми кеңесшісі: Евдокимова Светлана Борисовна – PhD, Браун университетінің профессоры, Провиденс қ., АҚШ.

Диссертациялық кеңестің бесінші мәжілісі 16.10.2019 жылы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін 6D021400 – Әдебиеттану, 6D050400 – Журналистика, 6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті, 6D020500 – Филология, 6D021000 – Шетел филологиясы мамандықтары бойынша өтті. Күн тәртібіне сәйкес үш мәселе қарастырылды:

1. Акынбекова Алтын Бакашовнаның 6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша «XX ғасыр басындағы қазақ журналдары: тарихы, фунциясы, типологиясы» атты диссертациясын қорғау.

2. Мұхтар Ләззат Қанатқызының «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша «XX ғасыр соңындағы прозада балалық шақ концептісінің репрезентациялануы (С.Таунсенд, Дж.Ирвинг және Р. Сейсенбаев романдарының материалдары негізінде)» диссертациясын қорғау.

Көпшілік алдында қорғаудан кейін «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша Акынбекова Алтын Бакашовнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы және «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойыша Мұхтар Ләззат Қанатқызына философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы оң шешім қабылданды.

3. Докторанттардың диссертацияларын қорғауға қабылдау.

1) «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті мамандығы» бойынша докторант Арзиева Евгения Руслановнаның «Көркем әдеби мәтініндегі ықтимал әлемдерінің проспективті негіздерінің мағынасы» атты диссертациясын қорғауға жіберу қарастырылды. Отандық ғылыми кеңесші: Сафронова Людмила Васильевна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан. Отандық ғылыми кеңесші: Қажығалиева Гүлмира Абзалханқызы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан; Шетелдік ғылыми кеңесші: Киклевич Александр Константинович – филология ғылымдарының докторы, Вармин-Мазур университетінің профессоры, Ольштын қ., Польша.

2) «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша Керимова Сания Макежановнаның философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау. Отандық ғылыми жетекшісі: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, филология ғылымдарының докторы, профессор Смагулова Кулдархан Нургазиевна, шетелдік ғылыми кеңесшісі PhD доктор, Вашингтон университетінің профессор Талант Мауканулы, Сиетл қ., АҚШ.

3) Айнабекова Гульжан Бабаевнаның «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақстандық орыс тіліндегі прозаның жанрлық жаңғыруы жоғарғы оқу орындарында инновациялық әдістемелік

меңгерудің нысаны ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау. Отандық ғылыми жетекшісі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, филология ғылымдарының докторы, професоср Жаксылыков Аслан Жамелевич, шетелдік ғалыми кеңесшісі Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, Орыс әдебиеті институтының бас ғылыми қызметкері (Пушкин үйі) Кибальник Сергей Акимович, Санкт-Петербург қ., Ресей.

Диссертациялық кеңестің талқылауы бойынша «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті мамандығы» бойынша докторант Арзиева Евгения Руслановнаның «Көркем әдеби мәтініндегі ықтимал әлемдерінің проспективті негіздерінің мағынасы» атты диссертациясын, «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша Керимова Сания Макежановнаның философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын, Айнабекова Гульжан Бабаевнаның «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақстандық орыс тіліндегі прозаның жанрлық жаңғыруы жоғарғы оқу орындарында инновациялық әдістемелік меңгерудің нысаны ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауға жіберу туралы оң шешім қабылданды.

Диссертациялық кеңестің алтышы мәжілісі 14.11.2019 жылы өтті. «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті мамандығы» бойынша докторант Арзиева Евгения Руслановнаның «Көркем әдеби мәтініндегі ықтимал әлемдерінің проспективті негіздерінің мағынасы» атты диссертациясы көпшілік алдында қорғалды. Кеңестің шешімімен Арзиева Евгения Руслановнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы оң шешім қабылданды.

Диссертациялық кеңестің жетінші мәжілісі 04.12.2019 жылы өтті. Күн тәртібіне сәйкес қаралған мәселелер:

1. Керимова Сания Макежановнаның «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауы.

2. Айнабекова Гульжан Бабаевнаның «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақстандық орыс тіліндегі прозаның жанрлық жаңғыруы жоғарғы оқу орындарында инновациялық әдістемелік меңгерудің нысаны ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауы.

Диссертациялық Кеңес шешімімен Керимова Сания Макежановна мен Айнабекова Гульжан Бабаевнаның философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық екендігі туралы қаулы қабылданды.

Оқу орны көрсетілген докоранттар тізімі.

1. Жумабекова Гаухар Айтбеккызы «6D050400 – Журналистика» мамандығы (2014-2017), Журналистика факультеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

2. Буенбаева Зарина Қайратқызы «6D050600 – Журналистика» мамандығы (2014-2017), Журналистика факультеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

3. Тасилова Айгерим Айтбаевна «6D050600 – Журналистика» мамандығы (2014-2017), Журналистика факультеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

4. Таубаев Жарас Турысбекович «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша (2014-2017), Филология және әлем тілдері факультеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

5. Демченко Алена Сергеевна «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» (2014-2017), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология және әлем тілдері факультеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

6. Таттимбетова Куралай Омирлановна «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» (2014-2017), Филология және әлем тілдері факультеті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

7. Мукушева Куралай Сериковнаның «6D050400 – Журналистика» мамандығы (2014-2017), Журналистика факультеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

8. Акынбекова Алтын Бакашовнаның «6D050400 – Журналистика» мамандығы (2016-2019), Журналистика факультеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

9. Мұхтар Ләззат Қанатқызы «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы (2016-2019), Филология және әлем тілдері факультеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

10. Арзиева Евгения Руслановна «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы (2015-2018), филология факультеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалқ университеті.

11. Керимова Сания Макежановна «6D020500 – Филология» (2014-2017), Филология және әлем тілдері факультеті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

12. Айнабекова Гульжан Бабаевна «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» (2016-2019), Филология және әлем тілдері факультеті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1. Жумабекова Гаухар Айтбеккызының «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша «Қазақ ақын-жазушыларының тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзі» тақырыбындағы диссертациясында қазақ ақын-жазушыларының тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзін зерттеудің көкейтестілігі ұлттық категорияның формалық брендтен асып, мазмұндық сипатқа көшу, бірыңғай моноидеология қақпайынан арылып, плюралистік таным жүйесіне ұласу, әлемдік масс-медиа кеңістігіне қол созу, өрлеу дәуірі үдерісінің маңыздылығы көрінеді. Бұл кезең процестік, динамикалық

тұрғыдан қарастырылған. Зерттеу жұмысының өзектілігі диссертациялық жұмыстың тұңғыш рет зерттелуінен көрінеді. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ көсемсөзінің ғылыми-танымдық жағынан зерттелу деңгейіне шолу жасалады. Зерттеу нысаны болып отырған тәуелсіздік жылдарындағы қазақ ақын-жазушыларының замансөзіндегі ерекшеліктер жан-жақты талданып, сараланады. Қаламгерлер ой-санасындағы парадигмалар ауысымының қазақ көсемсөзіне ықпалы, көсемсөзшілердің жанрлық мәтіндеріндегі сонылықтар, тың ой орамдары мен сараптамалық, талдамалы зерттеулері, шешендік өнері мен көркемдік, суреткерлік әлемі тұтастай ашылып, ғылыми-теориялық тұрғыдан тұжырымдалады.

2. Буенбаева Зарина Қайратқызының «6D050600 – Журналистика» мамандығы бойынша «Шығыс және Батыс медиа үдерісі: дәстүр, контент және конвергенция (салыстырмалы талдау)» тақырыбында дайындалған диссертациясы бүгінгі қазақ журналистикасындағы жаңа дәстүр мен жаңашылдықтың, Шығыс пен Батыс бәсекелестігінің өзектілігі мен құндылығы нақты деректер, жаңашыл байламдар, ресми құжаттар арқылы зерттелген, бүгінгі отандық медиакеңістіктің бет-бейнесін инерциалды талдау, теория мен эмпирикалық зерттеу аясында жан-жақты тұжырымдады. Көне түркілік заманнан бастау алатын қазақ бабажурналистикасынан бүгінгі заманауи әлемдік ақпараттық кеңістіктегі сана кооперациясы сипатталады. Жаңа медиа құбылыс – конвергенция үдерісінің қыры мен сыры, халықаралық және отандық тәжірибесін салыстыру арқылы жаңа журналистиканың сын-сипаты, негізгі даму аспектілері қарастырылады. Сонымен қатар, диссертацияда ұсынылған құнды деректер мен дәйектердің теориялық және практикалық маңызы зор. Диссертация Шығыс пен Батыс тәжірибесінің торабында салмақты бір зерттеуді ұсынып отыр. Контент модернизациясы бүге-шүгесіне дейін талданып, дәстүр мен қазіргі заманғы сұраныстың аражігін анықтады, пәнаралық, соның ішінде физика, астрономия, геометрия іліміндегі белгілі теориялармен ыңғайлас өрістетілді.

3. Тасилова Айгерим Айтбаевнаның «6D050600 – Журналистика» мамандығы бойынша «Әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатия» тақырыбында дайындалған диссертациясында қоғамдық дипломатияның дәстүрлі дипломатиядан ерекшелігін анықтауда, бағалауда, зерделеуде зерттеушілік алғырлық танытқан. Осы сала мәмілетануының ерекшеліктері ондағы коммуникативтік сипаттарды байыпты талдау арқылы жан-жақты ашылған. Бұл ізденуішінің ғылыми байлам жасауға деген ұмтылысын байқатты. Зерттеу тақырыбының өзектілігі қоғамдық дипломатияның рөлін коммуникация шеңберінде қарастыра отырып, мәмілегерліктің болашақ дамуына аса қажетті факторға айналдырудың жолдары мен бағытын анықтаудан көрінеді. Тақырып көкейкесті, енді ғана зерттеле бастаған тың сала. Қоғамдық дипломатияны коммуникация құралы ретінде зерделей отырып, қазақ мәмілегерлік саясатын насихаттаудағы мүмкіндіктері ғылыми тұрғыда қарастырылған. БАҚ-тың қоғамдық дипломатиядағы коммуникация тетігі тұрғысындағы қызметі сарапталған. Жұмыстың құндылығы – қоғамдық мәмілегерлік саясаттың іргесі қаланған

күннен бастап қазіргі кезеңге дейінгі аралықтағы коммуникациялық мәселесін көтеру және шешу жолдарын ұсынуға арналған іс-әрекетінің мазмұнын ашуымен бағалы деп білеміз. Осының өзі зерттеу тақырыбының бүгінгі талапқа сай өзектілігін анықтайды.

4. Таубаев Жарас Турысбекович «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша «Eponyms in political discourse: pragmalinguistic aspect» тақырыбында дайындалған диссертациясында эпонимдердің этимологиясы, эпонимдерің еліміздегі зерттелу деңгейі, эпонимдердің саяси дискурстағы қызметі, эпонимдердің когнитивті-мәдени тілдік бірліктер ретінде саяси дискурстағы маңыздылығы, ағылшын, орыс, қазақ тілдеріндегі қоғамдық-саяси мерзімді басылымдардағы эпонимдердің пайыздық көрсеткіштері, саясаткерлердің дискурсындағы эпонимдердің прагматикалық әлеуеті, ықпалы анықталып, зерттелді. Соңғы жылдары жаңа саяси ойлаудың қалыптасуында саясат пен тілдің арасындағы өзара байланыс аспектілерін, мерзімді басылымдардағы, саясаткерлердің саяси дискурсындағы тілдік бірліктердің қоғамдық санаға ықпалын зерттеу қажеттілігінің өзектілігі артуда. Біріншіден, мерзімді басылымдардағы адресанттардың (журналист, саясаткер) эпонимдерді тиімді қолдану арқылы адресаттардың (оқырмандардың) назарын жаулап алуын, реципиенттердің ішкі және әлемдік саяси жағдайлар туралы өзіндік пікірлерін қалыптастырудағы маңыздылығын зерттеу өзекті; екіншіден, саясаткерлердің дискурсының прагматикалық ықпал ету тәсілдерін зерттеу, оның ішінде саяси дискурстың тілдік құралы ретіндегі эпонимнің прагматикалық ықпалының негізгі тетіктерін (механизмдерін) анықтау, саяси дискурстағы эпонимдердің қызметі мен манипуляциялық әлеуетін зерттеу кезек күттірмес мәселе.

5. Демченко Алена Сергеевнаның «Қазақстанның орыс тілді жазушыларының прозасындағы «Үй» архетипі: зерттеудің теориялық және әдістемелік аспектілері» атты диссертациялық жұмысы толыққанды зерттеу болып табылады. Диссертация, Қазақстанның орыс тілді жазушыларының прозасындағы «Үй» архетипін зерттеуге арналған.

6. Таттимбетова Куралай Омирлановнаның «Жоғарғы оқу орнындағы Иван Щеголихин прозасының поэтикасын талдаудың теориялық және әдістемелік аясы» атты диссертациялық жұмысы И.П. Щеголихин прозасының талдау жүйесі және оны жоғарғы оқу орнында оқыту жолы көрсетілген толыққанды зерттеу болып табылады. Диссертация, еңбектері Алматы мен Мәскеу қалаларында жарық көрген, еуропалық тілдерге аударылып және өзінің ауқымды оқырман аудиториясы бар Қазақстанның ірі прозаик-жазушысы прозасының поэтикасын әдістемелік тұрғыдан зерттеуге арналған. И.П. Щеголихин прозасы автор тағдыры мен кейіпкерлер тағдырының сәйкестігімен, шығармашылық тұлғасының көпсалалығымен зерттеушілер назарын аудартады.

7. Мукушева Куралай Сериковнаның «6D050400 – Журналистика» мамандығы, бойынша «XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзі: ұлттық дүниетаным және «Дала» концепті» тақырыбында дайындалған диссертациясында XX ғасыр басындағы көсемсөз ұлттық рух, ұлттық код,

ұлттық ойлау тұрғысынан қарастырылған. Алаш публицистерінің өмір тәжірибесін ғылыми тұрғыда тұжырымдап, әсіресе рухани-мәдени дәстүрлер мен дүниетанымдық құндылықтарын қайта жаңғырту мен тұтас ғылыми жүйеде қарастыруы – өзекті.

8. Акынбекова Алтын Бакашовнаның «6D050400 – Журналистика» мамандығы, бойынша «XX ғасыр басындағы қазақ журналдары: тарихы, фунциясы, типологиясы» тақырыбында дайындалған диссертациясында XX ғасырдың алғашқы ширегінде жарық көрген қазақ журналдарының мазмұны арқылы өткенге көз жүгірткендегі мақсаты қазақ халқының өркениетке, білімге, әдебиетке деген ерекше ықыласы мен жаңа дүниенің көзін ашуда жеткен жетістіктерімен қоса өзге мемлекеттің айтқанынан шыға алмайтын шеңберде бола тұра, бір ғасыр бұрын көтерген ұлттық мәселелерінің бүгінгі заманға сабақ болар тарихи тағылымдарын зерделеу арқылы ғылыми жұмыстың өзектілігі, замана талаптарымен ұштасып жатқанын ашып көрсеткен.

9. Мұхтар Ләззат Қанатқызының «6D021000-Шетел филологиясы» мамандығы бойынша «XX ғасыр соңындағы прозада балалық шақ концептісінің репрезентациялануы (С.Таунсенд, Дж.Ирвинг және Р. Сейсенбаев романдарының материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында концептінің көркемдік шығарманың құрылымындағы рөлі мен маңызы, оның негізгі қасиеттері мен белгілері ашылады. Автор модальды-бағалау сипатын және оның қоғамның моральдық-адамгершілік нормалары мен дәстүрлерінің байланысын атап өтеді.

10. Арзиева Евгения Руслановнаның «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «Көркем мәтіндегі ықтимал әлем семантикасының проспективті негіздері» бойынша диссертациялық зерттеуі, оның мақсаты проспективті семантиканы көп қырлы зерттеу болып табылады. Лингвистикалық және лингво-педагогикалық тәсілдердің түйіскен жерінде орындалуы оның өзектілігін анықтайды және жұмысқа практикалық бағытталған сипат береді. Жаңа лингвистикалық және ғылыми-әдістемелік нәтижелер бар, бұл зерттеу жүргізу кезінде автордың дербестігін куәландырады. Сонымен, зерттеудің басты нәтижелері автор ұсынған проспективті семантиканы интерпретациялау моделі және көркем мәтінді филологиялық талдауға оқыту әдістемесі болып табылады.

11. Керимова Сания Макежановнаның «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша «Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері» атты диссертациясында мәдениаралық қатысымның лингвистикалық мәселелерінің теориялық-әдістемелік амалдары қарастырылады. Түрлі ұлт өкілдерінің өзара қатысым аспектілерінде ұлттық мәдени мазмұн мәдениаралық қарым-қатынаста тіл құралдары арқылы қалай көрініс табатыны айқындалады. Жаһандану, бірігу үдерістері, бұқаралық қарым-қатынас құралдарының ерекше мүмкіндіктері өзге тілдік жүйенің енуіне ықпал етеді, сондықтан барлық этномәдениеттер мәдениаралық өзара әрекет ету үдерісіне қатысады.

12. Айнабекова Гульжан Бабаевнаның «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақстандық орыс тіліндегі прозаның жанрлық жаңғыруы жоғарғы оқу орындарында инновациялық әдістемелік меңгерудің нысаны ретінде» атты диссертациясында Қазақстандағы орыс прозасының жанрлық модернизациясын әдістемелік тұрғыда жоғарғы оқу орындарында игеру мәселесі терең зерделенді. Романдар мен повестерді жанрлық тұрғыда талдаудың әдебиеттану мен әдістемелік аспектілері дайындалды. Қазақстандағы орыс прозасы модернизациясы мен оның инновациялық әдістемесінің жоғарғы оқу орындарында игерілу процесі әдебиеттану және әдістемелік ғылым тұрғысынан әлі зерттелген жоқ. Ғылыми еңбек белгілі бір мөлшерде осы олқылықтың орнын толтырды.

2. Диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

1. Жумабекова Гаухар Айтбеккызының «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша «Қазақ ақын-жазушыларының тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзі» тақырыбында дайындалған диссертациясында жинақталған ғылыми тұжырымдар мен байыптаулары журналистика саласында, көсемсөзде, басқа да гуманитарлық салаларда қолдануға, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050»: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы және «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырудың мақсат-міндеттеріне сәйкес келеді.

2. Буенбаева Зарина Қайратқызының «6D050600 – Журналистика» мамандығы бойынша «Шығыс және Батыс медиа үдерісі: дәстүр, контент және конвергенция (салыстырмалы талдау)» тақырыбында дайындалған диссертациясына Қазақстан Республикасы арнайы стратегиялық бағдарламалар мен жобалардың идеясы арқау етілді. Соның ішінде ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, ақпараттық қоғамға көшуді мақсат тұтқан «Ақпараттық Қазақстан – 2020» бағдарламасы бар. Сондықтан, зерттеу тақырыбы отандық ақпараттық кеңістік пен жалпы ақпараттық технологиялар мүмкіндіктерін арттыруда жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) сабақтас келеді, ұсынылған тұжырымдар мен қорытындылар дәлелді, шынайы әрі берік негізделген.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «ХХ ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз

таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастауалатын рухани коды болады», - деген ой айтады. Аталмыш концепт докторант Буенбаева Заринаның «Шығыс және Батыс медиа үдерісі: дәстүр, контент және конвергенция (салыстырмалы талдау)» атты диссертациясының алтын өзегіне айналған, сол форма-арна лайықты мазмұнмен толыққан.

3. Тасилова Айгерим Айтбаевнаның «6D050600 – Журналистика» мамандығы бойынша «Әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатия» тақырыбында дайындалған диссертациясында жаһандану процесі жүріп жатқан заманда қоғамдық дипломатияның рөлін, қызметін, дәстүрлі дипломатиядан айырмашылығын және жаңа медиа саласындағы артықшылығын айқындайды. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында зерттеу жұмыстың «цифрлық дипломатия» бөлімі өте өзекті. Әлемдік коммуникация желісі тұрғысынан қоғамдық дипломатияның қолданылуын қарастыруға арналған диссертациялық жұмыстың тақырыбы Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылып жатқан «Цифрлы Қазақстан», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. Еңбектің тақырыбы жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) сабақтас.

4. Таубаев Жарас Турысбековичтің «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша «Eponyms in political discourse: pragmalinguistic aspect» тақырыбында дайындалған диссертациясы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2007 жылдың 13 ақпанында жариялаған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасымен тығыз байланысты. «Мәдени мұра» бағдарламасының негізгі тармақшаларының бірі тарихымызда болған ірі тұлғалар арқылы елімізді әлемге таныту, насихаттау болып табылады. Эпонимдер жалқы есімдерден жасалған когнитивті-мәдени тілдік бірліктер болғандықтан, ұлтымыздың танымында, рухани-мәдени дамуында орны ерекше, осы орайда эпонимдердің өскелең ұрпаққа тағылымы мол ақпарат беретін тілдік бірліктердің бірі болып табылады.

5. Демченко Алена Сергеевнаның «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «Қазақстанның орыс тілді жазушыларының прозасындағы «Үй» архетипі: зерттеудің теориялық және әдістемелік аспектілері» атты диссертациялық тақырыбы «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын мемлекеттік бағдарламалар мен ғылымның даму бағыттарына сәйкес келеді. Архетип категориясын жоғарғы мектепте оқыту туралы қоғамдық танымды модернизациалаудағы Н.Ә. Назарбаев жетекшілік еткен үрдіс жоғарғы оқу орындарындағы әдеби білімді жаңарту үшін қажет. Жаһандану дәуірінде әлемдік қауымдастықтардың шекаралары неғұрлым өткір бола бастаған сайын, архетиптерді мәдени тұрғыдан зерттеу өте маңызды. Қазақстан – «дәуірлер жазбасына» терең бойлаған көне тамырлары бар жас мемлекет. Өз кеңістігіне көптеген мәдениеттерді, тілдерді, менталитеттерді сыйғыза отырып, болашақтың өзіндік диалектикалық

моделін құру үшін Қазақстан басқа өркениеттердің жетістіктерін жинақтайды және әлеует жинайды. Бұл үдерісте айрықша рөл көркем әдебиетке берілген.

6. Таттимбетова Куралай Омирлановнаның «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «Жоғарғы оқу орнындағы Иван Щеголихин прозасының поэтикасын талдаудың теориялық және әдістемелік аясы» атты диссертациясының тақырыбы «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын мемлекеттік бағдарламалар мен ғылымның даму бағыттарына сәйкес келеді. Қазақстандық білім беру жүйесін модернизациялау үрдісінде отандық білім беру гуманизациясы ерекше рөл атқарады. ҚР білімнің гуманистік және даму сипаты туралы «Білім туралы заңның» 3 тармағында нақты көрсетілген. Білім беруді модернизациялаудың басқа бағыттарының бірі – компетентті мамандарды тәрбиелеу болып табылады. Білім және кәсіби дағдылар – отандық білім берудің қазіргі жүйесіндегі негізгі бағыттар болып табылатыны «Қазақстан – 2050» Стратегиясында айтылған. «Төртінші өндірістік революция шарттарындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты 2018 жылдың 10 қаңтарындағы Президенттің Қазақстан халқына жолдауында «Орыс тілін білу маңызды мәселе болып отырғандығы» айтылды. Орыс тілін жақсы білу орыс көркем әдебиетін білуді көрсетеді, себебі тіл талантты орыс жазушыларының, соның ішінде И.П. Щеголихиннің күшімен дамиды. Қазақстанның ұлттық жазушысы, мемлекет қайраткерінің шығармаларын жоғарғы оқу орнында оқыту жастарды тәрбиелеудегі патриоттық және ар-ождан аясында Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев жариялаған басым бағыттар «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде өзекті болып табылады.

7. Мукушева Куралай Сериковнаның «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша «XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзі: ұлттық дүниетаным және «Дала» концепті» тақырыбында дайындалған диссертациясы «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен үндесіп жатыр. Қазіргі ғылым салаларын интеграциялау үрдісі басымдық танытып жатқанда XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзіндегі ұлттық дүниетаным көзқарастары мен қазақтың тілдік бейнесіндегі «Дала» ұғымын лингвомәдени тұжырымдамалық негізінде кешенді тұрғыда тереңдете зерттеу – журналистика ғылымы саласындағы көкейкесті мәселелердің бірі.

8. Мұхтар Ләззат Қанатқызының «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша «XX ғасыр соңындағы прозада балалық шақ концептісінің репрезентациялануы (С.Таунсенд, Дж.Ирвинг және Р. Сейсенбаев романдарының материалдары негізінде)» диссертациялық жұмысында «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және «Қазақстан - 2050» ұзақ мерзімді стратегиясына сәйкес Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын ғылымды дамыту бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. С. Таунсенд, Дж. Ирвинг пен Р.Сейсенбаев романдары негізінде балалық шақ концептісін қарастыру балалық шақ тақырыбының маңыздылығына және оның көркемдік әлеміндегі қазіргі қоғамның этикалық және жеке тұлғаның сана-сезімінің

проблемаларымен үш ұлттық жазушылардың шығармаларының байланысына негізделген. Ол сондай-ақ өскелең ұрпақтың ұлттық санасын тәрбиелеуде ағылшын, американдық және қазақ прозашыларының көркем жетістіктерін ғылыми ұғынудың қажеттілігімен және жастардың әлемдік ғылыми кеңістікке енуі үшін толыққанды, рухани тұлғаны қалыптастырудағы әрбір халықтың әлемдік көзқарасы ерекшеліктерімен байланысты.

9. Арзиева Евгения Руслановнаның «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «Көркем мәтіндегі ықтимал әлем семантикасының проспективті негіздері» атты диссертациялық жұмысында қазіргі заманғы көркем мәтіннің идеялық ойын қалыптастырушы ықтимал әлем контекстіндегі проспективті семантика қарастырылады, сондай-ақ білім алушылардың интеллект түрлерін ескере отырып, ЖОО-дағы көркем мәтінді филологиялық талдауға оқытудың ғылыми негізделген және тәжірибелік тексерілген әдістемелік жүйесін әзірлеу көрсетіледі. «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және «Қазақстан - 2050» ұзақ мерзімді стратегиясына сәйкес Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын ғылымды дамыту бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.

10. Керимова Сания Макежановнаның «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша «Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері» атты диссертациясының тақырыбы «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын мемлекеттік бағдарламалар мен ғылымның даму бағыттарына сәйкес келеді. Қазіргі уақытта мәдениаралық қатысымның мәселелері пәнаралық деңгейде, мәдениеттану, әлеуметтану, психология және т.б. сынды түрлі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар аясында қолға алынған. Сонымен бірге, әлі күнге дейін мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері қазақ тіл білімінде арнайы зерттеу нысаны болған емес. Әртүрлі мәдениет өкілдерінің қарым-қатынасқа түсушілері өзге тілдік нұсқаларды және дискурсивтік стратегияны пайдаланады.

11. Айнабекова Гульжан Бабаевнаның «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақстандық орыс тіліндегі прозаның жанрлық жаңғыруы жоғарғы оқу орындарында инновациялық әдістемелік меңгерудің нысаны ретінде» атты диссертациясының тақырыбы «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын мемлекеттік бағдарламалар мен ғылымның даму бағыттарына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасы – тәуелсіздік алғалы бері жан-жақты өркендеп келе жатқан көпұлтты мемлекет. Даму деңгейін жеделдету мақсатында қоғамдық сананы жетілдіру, модернизациялау жөнінде мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Қазақстанның әдебиеті де мемлекетпен қатар, қоғаммен, халықпен бірге жаңғырып келеді. Қазақстан әдебиетінің ажырамас бөлігі ретінде орыс прозасы да өмірлік шындықты мазмұнды әрі әдістемелік тұрғыда көркем сипаттау принциптерін жаңарта білді.

3) Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

1. Жумабекова Гаухар Айтбеккызының «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша «Қазақ ақын-жазушыларының тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзі» тақырыбында дайындалған диссертациясы журналистика саласында ғана емес, әдебиеттану, тарих, әлеуметтану, мәдениеттану салаларына арнаулы курстар мен семинарларда оқу материалы ретінде қолданылады. Сондай-ақ оқу құралы, оқулық жасап, жоғары оқу орнында «Қазақ көсемсөзінің инновациялық табиғаты», «Тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық көсемсөз» сынды элективті пән ретінде оқытуға болады. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ көсемсөзін кешенді оқыту, оқытудың креативті, кейстік жолдарын қалыптастыру, арнаулы онлайн курс ретінде оқу бағдарламасын жасау, мультимедиялық контентпен толықтыру. Оқыту әдістемесі ретінде «Қазақ көсемсөзін оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері», «Көсемсөзді кейс-стади (case study) технологиясын қолдану арқылы оқыту» атты оқу-әдістемелік құралдарын шығаруға болады.

2. Буенбаева Зарина Қайратқызының «6D050600 – Журналистика» мамандығы, «Шығыс және Батыс медиа үдерісі: дәстүр, контент және конвергенция (салыстырмалы талдау)» тақырыбында дайындалған диссертациясында қыруар шетелдік мәлімет пайдаланылған. Нәтижесінде ізденуші көңілге қонымды сараптамалық жұмыс жүргізген. Соңғы медиа тенденциялар сауатты жүйеленгендіктен, жұмыстың практикалық маңызы ерекше. Диссертацияда берілген жүйелі ойлар мен тұжырымдарды негізге ала отырып, «журналистика» мамандығында оқитын студенттерге арналған оқу құралы етіп басып шығаруға лайық. Қазіргі таңда журналистика факультетінің оқу бағдарламасында бар «Конвергентті журналистика» элективті пәнін оқыту, практикалық курс немесе дәріс жүргізуге мүмкіндік береді. Және тағы бір айтар маңызды практикалық құндылығы – зерттеу тақырыбы аясында қозғалған мәселелер, келешекте басқа ғылыми тақырыптарға арқау болады және дереккөз ретінде пайдалануға лайық.

3. Тасилова Айгерим Айтбаевнаның «6D050600 – Журналистика» мамандығы, «Әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатия» тақырыбында дайындалған диссертациясы ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көтерілген мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған ғылыми зерттеу болып табылады. Зерттеу жұмысында нәтижелері баспасөз бен қоғамдық дипломатияның коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру үшін теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып саналады. Өйткені, мұнда отандық және шетелдік ғалымдардың, мәмілетану қайтаркерлерінің ғылыми еңбектері мен мақалаларына әртүрлі деректермен салыстыра талдаулар жасалып, тарихи-салыстырмалы, хронологиялық-тарихи, логикалық-тарихи, жүйелеу және тағы басқа әдістер қолданылған.

4. Таубаев Жарас Турысбековичтің «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша «Eponyms in political discourse: pragmalinguistic aspect» тақырыбында дайындалған диссертациясының материалдарын жоғарғы оқу

орындарында прагмалингвистика, ономастика, саясаттану, терминология, лексикология, LSP (Language for Specific Purposes), Special-Professional Vocabulary of English (SPVE) секілді пәндерде негізгі немесе қосымша мәлімет ретінде қолдануға болады. Зерттеудің нәтижесі саясаттанушыларға, журналистерге қажетті материал болып табылады.

5. Демченко Алена Сергеевнаның «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы, «Қазақстанның орыс тілді жазушыларының прозасындағы «Үй» архетипі: зерттеудің теориялық және әдістемелік аспектілері» атты диссертациясында ұсынылған интерактивтік, эвристикалық оқытудың және сыни ойлауды қалыптастырудың түрлі тиімді тәсілдерін қолдануға негізделген ЖОО-дағы үй архетипін талдаудың әдістемелік жүйесі, өз кезегінде студенттердің танымдық үдерістің толық құқықты субъектісі ретінде қалыптасуына ықпал ететін, гуманитарлық ғылымның жаңа жетістіктері аясында көркем шығарманы талдау жолдарын әрі қарай іздестіру үшін негіз бола алады. Зерттеудің практикалық маңыздылығы әдебиет теориясы мен тарихы бойынша практикалық сабақтар жүргізуде, сондай-ақ көркем мәтінді филологиялық талдауға арналған арнайы курсты әзірлеуде «үй» архетипінің талдау нәтижелерін қолдану мүмкіндігін қарастыруында. Зерттеудің нәтижелері көп мәдениетті және дара мәдениетті көркем шығармалардың этномәдени ерекшеліктерін ашатын тәсіл ретінде кеңістіктік архетипті зерттеу саласында келешек зерттеме үшін негіз бола алады. Салыстырмалы талдаудың нәтижелері теориялық және қолданбалы филология пәндері бойынша дәрістерге арналған материал ретінде пайдаланылуы мүмкін. Мәтінді лингвомәдениет тұрғысынан зерттеу мәдениаралық коммуникация, лингвомәдениеттану, көркемдік билингвизм теориясы мен практикасында оларды пайдалану үшін маңызды мәліметтерді берді. Зерттеудің нәтижесі Қазақстанның қазіргі орыс әдебиеті бойынша ЖОО және мектеп бағдарламалары мен оқулықтарын дайындау кезінде де пайдаланылуы мүмкін. Үй архетипін талдаудың ұсынылған әдістемелік жүйесі тіл мұғалімдерін дайындайтын ЖОО оқытушыларының тәжірибесіне енгізілуі мүмкін. Диссертация материалдарын орыс әдебиетін оқыту әдістемесі курсы барысында да қолдануға болады.

6. Таттимбетова Куралай Омирлановнаның «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «Жоғарғы оқу орнындағы Иван Щеголихин прозасының поэтикасын талдаудың теориялық және әдістемелік аясы» атты диссертациялық жұмысы қазіргі әдебиеттану ғылымының перспективті бағытының шеңберінде жүзеге асырылған, оның практикалық тұрғыдан маңыздылығы Қазақстанның орыс прозасының жанрлық-стилдік өзгешелігі мәселесін шешумен, И. Щеголихиннің баяндау қағидалары мен амалдарын қарастырумен анықталады. Әдебиеттанушылық және әдістемелік талдау негізінде әдеби шығарманың поэтикасын оқыту зерттеудің әдіснамалық бағыты болып табылады, оның нәтижелері жанрлық-стилдік өзгешелік аясында көркем мәтіннің тәжірибесі мен теориясын оқытушы мамандардың, жоғарғы оқу орындарында және мектептерде эпикалық шығармаларды талдаудың оқыту амалдары мен жолдарын дайындайтын әдіскерлердің

қызығушылығына ие болады. Жұмыстың қорытындылары мен нәтижелері Қазақстанның орыс әдебиеті бойынша арнайы курстардың дәрістерінде, көркем мәтін поэтикасы бойынша арнайы курстар мен жоғарғы оқу орындарындағы Қазақстанның орыс жазушыларының шығармашылығын оқыту бойынша арнайы курстарда көрініс табады.

7. Мукушева Куралай Сериковнаның «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша «XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзі: ұлттық дүниетаным және «Дала» концепті» тақырыбында дайындалған диссертациясының нәтижелерін Қазақ журналистикасының тарихы, Алаш баспасөзі пәндерін оқыту барысында студенттер мен ізденушілер қолдана алады.

8. Акынбекова Алтын Бакашовнаның «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша «XX ғасыр басындағы қазақ журналдары: тарихы, функциясы, типологиясы» тақырыбында дайындалған диссертациясының ғылыми нәтижелерін «Қазақ журналистикасының тарихы», «Алаш баспасөзі» пәндерін оқыту барысында студенттер мен ізденушілер, оқытушылар қолдана алады.

9. Мұхтар Ләззат Қанатқызының «6D021000-Шетел филологиясы» мамандығы бойынша «XX ғасыр соңындағы прозада балалық шақ концептісінің репрезентациялануы (С.Таунсенд, Дж.Ирвинг және Р. Сейсенбаев романдарының материалдары негізінде)» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмысы шетел филологиясы мен қазіргі әдебиеттанудың перспективалық бағыттары аясында орындалған. Лингвомәдени талдау негізінде әдеби шығарманың поэтикасын зерттеу осы зерттеудің әдіснамалық бағыты болып табылады. Диссертацияның практикалық маңыздылығы жаңа ғылыми нәтижелер мен ережелердің жиынтығын қамтиды, бұл автордың ғылымға жеке үлесін көрсетеді. Автор ұсынған жаңа шешімдер айтарлықтай дәлелденген және негізделген. Осы зерттеудің нәтижелерін сондай-ақ, қазіргі заманғы шетел әдебиеті, салыстырмалы педагогика, шетелде балаларды оқыту және тәрбиелеу, елтану бойынша жоғары оқу орындары мен мектеп бағдарламалары мен оқу құралдарын дайындау кезінде қолдануға болады.

10. Арзиева Евгения Руслановнаның «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша докторант «Көркем мәтіндегі ықтимал әлем семантикасының проспективті негіздері» тақырыбындағы докторлық диссертациясында Қазақстан тіл білімі теориясы мен орыс тілін оқыту әдістемесін одан әрі дамыту үшін маңызды мәні бар жаңа теориялық және тәжірибелік нәтижелер алынды. Проспективті семантиканы интерпретациялау моделі және көркем мәтінді филологиялық талдауға оқыту әдістемесі болып табылады.

11. Керимова Сания Макежановнаның «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша «Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері» атты диссертациясында алынған нәтижелердің маңыздылығы мен қажеттілігі, әсіресе, қолданбалы сипатында. Әлемді қабылдаудың аксиологиялық және когнитивтік моделі, қарым-қатынас пен жүріс-тұрыс модельдеріндегі мәдени айырмашылықтарды анықтау мақсатында

мәдениетаралық зерттеулердің кешенді әдістемесін (лингвистикалық, социолингвистикалық және психолингвистикалық) жасауда, мәдениетаралық коммуникацияның тілдік заңдылықтарын зерттеуде пайдаланады. Диссертацияның негізгі тұжырымдары, қағидалары мен қорытындылары лингвистикалық циклды қамтитын «Мәдени қатысымның теориясы мен тәжірибесі», «Лингвомәдениеттану», «Когнитивтік лингвистика», «Дискурс-талдау», «Психолингвистика», «Әлеуметтік лингвистика» оқу пәндерінің, сонымен бірге тіл мен мәдениеттің және заманауи мәдениетаралық үдерістердің өзара қарым-қатынасын зерттейтін арнаулы курстардың мазмұнын құрастырып, жетілдіру мен жаңартуда қолданыла алады.

12. Айнабекова Гульжан Бабаевнаның «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақстандық орыс тіліндегі прозаның жанрлық жаңғыруы жоғарғы оқу орындарында инновациялық әдістемелік меңгерудің нысаны ретінде» атты диссертациясы қазіргі әдебиеттану ғылымының перспективті бағытының шеңберінде жүзеге асырылған. Қазіргі заман әдебиетіндегі жаңа тенденцияларды меңгеруге арналған арнаулы пәндерге, таңдаулы курстарға да диссертацияда көрсетілген проза жанрларының жаңғыру процесін талдау әдістемесі қажет. Бұл – зерттеудің практикалық (тәжірибелік) құндылығы. Зерттеу қорытындыларын жоғарғы оқу орындары мен мектептерде «Орыс тілін оқыту әдістемесі» атты арнайы курстарға кеңінен пайдалануға болады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

1. Г.А. Жумабекованың диссертациялық жұмысына диссертациялық кеңес тарапынан ұсынылған рецензенттер:

Жақып Бауыржан Өміржанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар одағы басқарма Төрағасының орынбасары, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, мамандығы 10.01.10 – Журналистика, Алматы қ. Бейсенқұлов Аязби Ақбергенұлы – филология ғылымдарының кандидаты, «Халықаралық ақпараттық технологиялар Университеті» АҚ «Медиа коммуникация және Қазақстан тарихы» кафедрасының ассистент-профессоры, мамандығы 10.01.10 – Журналистика, Алматы қ. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми-зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және тәжірбиелік қолданыста кеңінен қолдану мүмкіндігі бар екендігін көрсетеді.

2. З.Қ. Буенбаеваның диссертациялық жұмысына диссертациялық кеңес тарапынан ұсынылған рецензенттер:

Есдәулетов Айтмұхамбет Оразбайұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Баспасөз және баспа ісі кафедрасының меңгерушісі. Кенжеғұлова Нарбинь Смағұлқызы – филология ғылымдарының кандидаты, «Тұран» университеті журналистика және аударма ісі кафедрасының доценті. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD

докторант тарапынан жасалған ғылыми-зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары деген қорытынды берілді.

3. А.А. Тасилованың диссертациялық жұмысына диссертациялық кеңес тарапынан ұсынылған рецензенттер:

Есенбек Жұмағали Бейсенбайұлы – PhD докторы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Журналистика және филология кафедрасының меңгерушісі, Талдықорған қ., Қазақстан, мамандығы 6D050600; Садықов Сейдулла Садықұлы – филология ғылымдарының докторы, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, Түркістан қ., Қазақстан, мамандығы 10.01.10. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми-зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және тәжірбиелік қолданыста кеңінен қолдану мүмкіншілігі бар екендігін көрсетеді.

4. Т.Ж. Таубаевтың «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша «Eponyms in political discourse: pragmalinguistic aspect» тақырыбында дайындалған диссертациясына ресми рецензенттер ретінде Сулькарнаева Асия Рафаиловна – М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстан филиалының доценті, ф.ғ.к., Норузова Гульчехрам Бакримовна – PhD, Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінің кәсіби шетел тілі кафедрасының меңгерушісі. Ресми рецензенттер PhD докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік қолданысы жоғары екендігін атап көрсетті.

5. А.С. Демченконың ресми рецензенттері: Сафронова Людмила Васильевна – филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, Алматы қ., Қазақстан, мамандығы 10.01.08; Низамова Махинур Нурмухамедовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Алматы технология университетінің мемлекеттік және шет тілдер кафедрасының доценті, Алматы қ., Қазақстан, мамандығы 13.00.02. Рецензиялар барлық талаптарға сәйкес, диссертацияның жақсы жақтарын көрсете отырып, сын-ескертпелер де жасаған. А.С. Демченконың «Қазақстанның орыс тілді жазушыларының прозасындағы «Үй» архетипі: зерттеудің теориялық және әдістемелік аспектілері» атты диссертациясы қазіргі қазақстандық әдебиеттің орыс тілді шығармаларын зерттеу және талдауда философия, мәдениеттану, әдебиеттану, лингвистика, психология, педагогика және әдебиетті оқыту әдістемесін қосатын зерттеу жүйесін жасауға пәнаралық амалды қолданған, аяқталған зерттеу болып табылады. Жұмыс «Ғылыми дәреже беру ережелері» талаптарына сәйкес орындалған, ал ізденуші «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алуға лайық.

6. К.О. Таттимбетованың ресми рецензенттері: Шаханова Розалинда Аширбаевна – педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының

профессоры, Алматы қ., Қазақстан, мамандығы 13.02.00; Шаинова Гульнар Буркатовна - филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, Алматы қ., Қазақстан, мамандығы - 10.01.08. Рецензиялар барлық талаптарға сәйкес, диссертацияның ұтымды жақтарын көрсете отырып, сын-ескертпелерді де келтірген. К.О. Таттимбетованың «Жоғарғы оқу орнындағы Иван Щеголихин прозасының поэтикасын талдаудың теориялық және әдістемелік аясы» атты диссертациясы орыс әдебиетін оқыту әдістемесі мен қазіргі қазақстандық әдебиеттанудың жалпы мемлекеттік зерттеулерімен тығыз байланысты, Қазақстанның қазіргі орыстілді әдебиетінің әдістемелік оқытуын және өзекті мәселелерін шешетін, аяқталған зерттеу болып табылады. Жұмыс «Ғылыми дәреже беру ережелері» талаптарына сәйкес орындалған, ал ізденуші «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алуға лайық.

7. К.С. Мукушеваның диссертациялық жұмысына диссертациялық кеңес тарапынан ұсынылған рецензенттер: Жақып Бауыржан Өміржанұлы – Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының орынбасары, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Алматы қ., Қазақстан азаматы, мамандығы 10.01.02 – Әдебиеттану, 10.01.10 – Журналистика. Саудбаев Мадияр Худайбергенович – PhD, Сулейман Демирел атындағы университет, әлеуметтік ғылымдар каферасының меңгерушісі, ассистент-профессор. Алматы қ. Қазақстан, мамандығы – 6D050400 – Журналистика. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа артықшылықтарымен қатар, сыни пікірлер білдірді.

8. А.Б. Акынбекованың диссертациялық жұмысына диссертациялық кеңес тарапынан ұсынылған рецензенттер: Қалижанов Уәлихан Қалижанұлы – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директорының кеңесшісі, филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, Алматы қ., Қазақстан азаматы, мамандығы 10.01.02. – Әдебиеттану. Жақып Бауыржан Өміржанұлы – Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының орынбасары, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Алматы қ., Қазақстан азаматы, мамандығы 10.01.02. – Әдебиеттану, 10.01.10 – Журналистика. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа ғылыми деңгейі жоғары деген баға берді.

9. Л.Қ. Мұхтардың ресми рецензенттері: Сафронова Людмила Васильевна – филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры; Алиева Марта Бакытжановна – филология ғылымдарының кандидаты, Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының экономикалық және жалпы білім беру пәндері кафедрасының доценті. Рецензиялар барлық талаптарға сәйкес келеді, жұмыстың оң жақтарын көрсетеді және сын-ескертулер де бар. Л.Қ. Мұхтардың диссертациясы «6D021000 - Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған жеке, аяқталған ғылыми еңбек болып

табылады, онда филология ғылымы үшін маңызды және мәні бар өзекті мәселені шешу қамтылған.

10. С.М. Керимованың ресми рецензенттері: Рысалды Кусаин Тынысбаевич – филология ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, ҚР білімді ақпараттандыру академиясының вице-президенті, ЖББ кафедрасының профессоры, Алматы қ., Қазақстан, мамандығы 10.02.20; Киынова Жанар Кабдыляшымовна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің деканы, Алматы қ., Қазақстан, мамандығы 10.02.20. Рецензиялар барлық талаптарға сәйкес, диссертацияның жақсы жақтарын көрсете отырып ескертпелерді де келтірген. С.М. Керимованың «Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері» атты диссертациясы мәдениаралық қатысым аясындағы аяқталған зерттеу болып табылады. Қазіргі әлемде мәдениаралық өзара қатынас әртүрлі салада: мемлекетаралық қатынастарда, кәсіпкерлік, ғылыми және білім беру қызметінде, тұлғааралық тілдесу деңгейінде жүзеге асырылады. Мәдениаралық қатысым әлем халықтарының көптеген бірегей мәдениеттерінен тұратын әлемдік өркениеттің тұтастығы мен бірлігін аша түседі.

11. Г.Б. Айнабекованың ресми рецензенттері: Шаханова Розалинда Аширбаевна – педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, Алматы қ., Қазақстан, мамандығы 13.02.00; Калиева Альмира Кайыртаевна – филология ғылымдарының кандидаты, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты директорының орынбасары, Алматы қ., Қазақстан, мамандығы 10.01.08. Рецензиялар барлық талаптарға сәйкес, диссертацияның жақсы жақтарын көрсете отырып ескертпелері де келтірілген. Г.Б. Айнабекованың «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақстандық орыс тіліндегі прозаның жанрлық жаңғыруы жоғарғы оқу орындарында инновациялық әдістемелік меңгерудің нысаны ретінде» атты диссертациясы әдебиеттану (атап айтқанда жанрология) және орыс әдебиетін оқыту әдістемесі (эпикалық шығармаларды тану, оқытудың инновациялық әдістемесін дайындау) бағытында толымды әрі тиянақты түрде аяқталған зерттеу болып табылады. Әдебиеттанудың жетістіктері мен талаптары, педагогика, дидактика, әлеуметтану мен әдебиетті оқыту әдістемесі негізінде дайындалған зерттеу еңбегіне пәнаралық сипат тән.

Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Мамандықтар бойынша докторлық диссертация тақырыбын бекіту жұмысын үйлестіру мәселесін қарастыру;

ҚазҰУ докоранттарының диссертация тақырыптарын бекіту сәйкес ҚазҰУ Диссертациялық кеңесінің келісімімен жүзеге асырылса деген ұсыныстыенгізу.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер

	«6D020500 – Филология»	«6D050400 – Журналистика»	«6D021000 – Иностранная филология»	«6D011800 – Русский язык и литература»
Қараудан алынып тасталған диссертациялар	-	-	-	-
Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастағандары	-	-	-	-
Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-	-	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша оң нәтиже алғандары	1	5	2	4
Оның ішінде басқа оқу орындарынан				1
Қорғау қорытындысы бойынша теріс нәтиже алғандары	-	-	-	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-	-	-
Қорғаған диссертацияларды ң жалпы саны	1	5	2	4
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-	-	1

Диссертациялық Кеңестің Төрағасы
филол.ғ.д., профессор Дадебаев Жангара Дадебаевич _____
(қолы, аты-жөні, тегі)

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы
Шынгысова Назгуль Турсынбаевна _____
(қолы, аты-жөні, тегі)

Мөр мерзімі 2020 жылғы « » қаңтар

ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ